

Факультет: Физика-Техникалық

**Кафедра: Жылу физикасы және
техникалық физикасы**

**Тақырыбы: Орта ғысырдағы ғұламалар
мен ойшылдардың шығармалары**

Орындаған: Мадихан Алихан

Тексерген: Уразбаева А.М

Орта ғасырлық ғұламалар мен ойшылардардың шығармалары.

- 1.ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ
- 2.ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ



**Әбу Насыр Әл-Фараби
(870-950)**

ӨМІРБАЯНЫ

Отырар қаласында 870 ж. дүниеге келген. Ежелгі Ұлы Жібек жолында, Арыс өзенінің Сырдарияға құятын жерінде бой көтерген Отырар қаласын арабтар Фараб, Барба-Фараб деп атаған. Осында әл-Фараби жастық шағын өткізген. Нақты айтқанда, әл-Фараби Фарабтың өзінде емес, соның маңындағы Весиж қалашығында туған. Весиж — Сырдарияның сол жағалауында орналасқан қала. Археологтар Весиж қалашығы Отырардан солтүстік-батысқа қарай шамамен 20 шақырымдағы Ақжар сайында орналасқан Оксус қалашығына сәйкес келетінін анықтады. Қалашық ішкі қамалдан, қабырғамен қоршалған шахристаннан және рабаттан тұрады. Қалашықтың VIII–XV ғасырларда өмір сүргені анықталды. Уақыт өте келе Весиж ұмытылып, асқан ақыл ой иесінің Отаны Фараб қаласы саналып кетті



ФАРАБИДІҢ ТОЛЫҚ АТЫ-ЖӨНІ — ӘБУ НАСЫР МҰХАММЕД ИБН МҰХАММЕД ИБН ТАРХАН ИБН ҰЗЛАҒ ӘЛ-ФАРАБИ АТ ТҮРКИ. АТ ТҮРКИ — ШЫҚҚАН ТЕГІ ТҮРКІ ДЕГЕНДІ, ӘЛ-ФАРАБИ — ФАРАБ ҚАЛАСЫНАН ШЫҚҚАН ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ. ӨЗІНІҢ АЗАН ШАҚЫРЫП ҚОЙҒАН АТЫ — МҰХАММЕД, ӘКЕСІНІҢ ДЕ АТЫ — МҰХАММЕД, АТАСЫНЫҢ АТЫ — ТАРХАН, БАБАСЫ — ҰЗЛАҒ. КЕЙДЕ ОНЫ ЖАЙ ҒАНА «ТАРХАНИ» ДЕП ТЕ АТАҒАН. ӘЛ-ФАРАБИ ТҮРКІ ТАЙПАСЫНЫҢ ДӘУЛЕТТІ ОТБАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН, ӘКЕСІ ӘСКЕРБАСЫ БОЛҒАН. БІР НҰСҚАДА РУЫ ҚАҢЛЫ-ҚЫПШАҚ ДЕЛІНГЕН. ӘКЕСІНІҢ ӘСКЕРБАСЫ БОЛҒАНЫН «ТАРХАН» ДЕГЕН АТАУДАН ДА БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ. БІЗДІҢ ЖЕРІМІЗДЕ МЕКЕНДЕГЕН ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ «ТАРХАН» ДЕП ӘСКЕРИ ЛАУАЗЫМДЫ КІСІЛЕРДІ АЙТАТЫН БОЛҒАН. ЯҒНИ ФАРАБИ ӘСКЕРИ ОРТАДАН ШЫҚТЫ ДЕП ЖОРАМАЛДАУҒА ӘБДЕН БОЛАДЫ. ОҒАН ҚОСА ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРДЕ «ӘЛ-ФАРАБИ МЫҚТЫ, КҮШТІ ЖӘНЕ ЕРЖҮРЕК БОЛҒАН. ОЛ ЖЕБЕНІ ЖАҚСЫ ТАРТҚАН, АТҚАН ОҒЫ НЫСАНАҒА ДӘЛ ТИЕТІН», — ДЕП ЖАЗЫЛҒАН. ОСЫҒАН ҚАРАҒАНДА ӘКЕСІ ӘСКЕРБАСЫ БОЛҒАНДЫҚТАН, ЖАС МҰХАММЕДТІҢ ТЕ ЖАУЫНГЕРЛІК, СОҒЫС ӨНЕРІНЕН ХАБАРЫ БОЛҒАН СИЯҚТЫ. ЕКІНШІДЕН, ЕЖЕЛДЕН СЫР, ОТЫРАР БОЙЫН ЖАЙЛАҒАН, ТАРИХҚА ЕРТЕДЕН МӘЛІМ ҚАҢЛЫ ТАЙПАСЫНДА ТАРХАН (КЕЙДЕ ДАРХАН ДЕП ТЕ АТАЙДЫ) АТТЫ РУ БОЛҒАН, ҚАЗІР ДЕ БАР. СОНДЫҚТАН ФАРАБИ ҚАҢЛЫ-ҚЫПШАҚ РУЫНАН ШЫҚТЫ ДЕП АЙТУҒА ТОЛЫҚ НЕГІЗ БАР. ТАҒЫ БІР ДЕРЕКТЕРДЕ «ФАРАБИДІҢ ӘКЕСІ ВЕСИЖ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘМІРШІСІ БОЛҒАН» ДЕП ТЕ АЙТЫЛАДЫ

-
- Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған еңбектеріне қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырардағы кітапхана, ел аузындағы аңызға қарағанда, кітабының саны жағынан атақты Александрия кітапханасынан соң екінші орында болған. Әл-Фарабидің ғылымға деген ынтасы осы
 - Отырар кітапханасында пайда болған сияқты. Осы аймақты мекендеген тайпалардың сонау арғы заманнан қалыптасқан өнері, ғылымы, түркі тілдес жазуы болған.
 - Бала Мұхаммед қала медреселерінің бірінде сауатын ашып, хат танып, Отырар кітапханасының мол қорынан сусындап өскен. Тіл үйренуге жастай көңіл қойған тәрізді. Өйткені араб тарихшысы ибн Халликан «әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген» деп жазып қалдырған. Ғалымдардың бір тобы: «Бұл шындыққа жанаспайды» десе, біраз ғалымдар ибн Халликанның жазғандарын мақұлдап, қайталап та жүр. Яғни бала Мұхаммед өз кезіндегі ұлы ғұламалардың еңбектерін оқу үшін жастайынан тіл үйренуге ден қойғандай.

ҰЛЫ ДАНЫШПАННЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР

- Ғылымның даму тарихында жинақталған білім қорларын сұрыптап, реттеп белгілі бір жүйеге салу тәртібі ежелден бар.
- Бабамыз Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмай, өзінің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Бұл еңбектің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Осы трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды.
- Бұл кітап мындай бес тараудан тұрады: 1. Тіл білімі және оның тараулары; 2. Логика және оның тараулары; 3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым (механика); 4. Физика мен метафизика және олардың тараулары; 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәләм (дін ғылымы)

Тіл білімі. Фараби тіл білімін 7 тарауға бөледі: дербес және қарапайым сөздер мен сөйлемдер туралы; мәнерлеп оқу ережелері; тілдің заңы мен ережелері жайлы ғылым; дұрыс оқу ережелері; өлең жазу; шайырлық туралы ғылым немесе поэтика. Кейінгінің өзі ырғақ, ұйқас және поэзия болып үшке бөлінеді.

Логика. Фарабидің анықтауы бойынша, логика — ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Бұл ғылымның арқасында адам өзінің ойлау әрекетін тәрбиелей алады; өзінің ойын анықтап айқын, жүйелі түрге келтіреді; ой қорыту, талқылау барысында логикалық қателер жіберуден аулақ болады.

Математика. Фарабидің энциклопедиясында математика ғылымдарына көп орын берілген. Ол математиканы үлкен-үлкен жеті тарауға бөлген. Арифметика, яғни, сан туралы ғылым. Оған практикалық және теориялық арифметика деп айрықша мән берді. Фарабидің түсіндіруі бойынша, сан объективті ақиқат нәрселердің сезіп-түйсінуге болатын, яғни «көзбен көріп, қолмен ұстауға» болатын жақтарын елеусіз қалдырып, тек саналуға, есептеуге тиісті қырларын бейнелейді. Бұл өте дұрыс материалистік түсінік.

Геометрия. Бұл ғылымның мазмұны мен мәнін ғалым төмендегіше тұжырымдайды. Геометрия екі ғылымды біріктіреді: біріншісі — практикалық геометрия; екіншісі — теориялық геометрия. Практикалық геометрия сызықтар мен беттерді, ағаш ұстасы, темірші, тас қалаушы, жер өлшеушілердің ыңғайына лайық ағаш, темір, тас денелердің бетінде қарастырылады. Теориялық геометрия сызықтардың, жазық фигуралардың, геометриялық денелердің формасы мен мөлшерін, теңдігі мен теңсіздігін, олардың түрлері, реті және басқа осыларға байланысты барлық нәрселерді зерттейді.

Оптика. Фарабидің жіктеуі бойынша, математикаға оптиканы да жатқызған. Бұл туралы ол былай дейді: «Оптикада геометрия тәріздес форма, шама, рет, тәртіп, орын, теңдік, теңсіздік, т.б. нәрселерді қарастырады». Оптиканың мәні мен ақиқаты, анық пен оның алдамшы көрінісінің парқы ажыратылады, қатаң дәлелдеу жолымен мұның себебі айқындалады, көзбен көруде кездесуі мүмкін болатын қателердің барлығы ескеріледі, одан құтылуға көмектесетін, яғни қарастырылып отырған нәрсенің мөлшері, формасы, орны, құрылысы, т.б. туралы ақиқатқа жеткізілетін әдіс, айлалардың түрлері көрсетіледі.

Астрономия. «Астрономия деген бір атпен екі ғылымды түсінеміз, — дейді ғалым. Олардың біреуі — жұлдызнама. Бұл ғылым жұлдыздарға қарап болашақта не болатынын, кейде қазіргі кезде болып жатқан және өткенде болған оқиғаларды болжауға арналған. Екіншісі — математикалық астрономия. Астрономияның осы бөлігі ғана математикалық ғылымдардың қатарына жатады, ал қабілет — өнердің бір түрі; ол арқылы не болатынын адам болжамдай алады; мәселен, түс жору, құстың ұшуы бойынша жорамалдау, бал ашу, т.б. қабілеттер».

Жаратылыстану мен метафизика. Фарабидің анықтауы бойынша, физика, яғни жаратылыстану, — табиғат туралы, оның негізгі принциптері мен бөліктері жайлы, табиғи денелерге тән акциденциялар туралы, табиғи деректер мен элементтердің өзара әсері жайлы ғылым. Ал метафизика болмыстың жалпы принциптері мен категорияларын зерттейді.


Түйін

Қорыта келе айтарымыз, Ұлы бабамыз — Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазды. Әл-Фараби ғылымының философиялық- логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ

1093-1166



ӨМІРБАЯН

Қожа Ахмет Яссауи – түркістандық ғұлама, әулие. Қожа Ахмет Яссауидың арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Кейбір деректерде Қожа Ахмет Яссауидың Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Яссауидың ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды. 9 ғасырда Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Иасы, Сауран, Сығанақ Шаш, Сүткент, Жент, Кудур, Отлук, Өзкент, тағыда басқа Мауераннахр қалаларында ислам діні уағызшыларының белсенді әрекеттері саяси сипат алған болса, 10 ғасырдан бастап ислам ілімі жолындағы тәлім-тәрбиелік ордалар – медресе-теккелер түбегейлі орнығып, исламдық-руханияттық ахлақи (моральдық) ұстанымдар қалыптаса бастады. Қожа Ахмет Яссауи дүниеге келмей тұрып, Исфиджабта исламдық фикһ (күқық) мектебі ханафи мазһабының ондаған өкілдері өмір сүрді. Яссауи ілімі осы саяси-әлеуметтік, тарихи шарттарға байланысты қалыптасты.

Қожа Ахмет Яссауи ұстаздарының көшбасшысы – Арыстан баб. Кашифи «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі, оған 16 жылы қызмет еткендігі туралы мәлімет береді. Яссауидың «Диуани хикметінде» де Арыстан баб жиі ауызға алынады. Қожа Ахмет Яссауидың өмірі мен қызметі туралы Жазба деректерде (Хазини, «Жауаһир-ул Абра Мин Амуаж-ил Биһар») оның Юсуф Хамаданидың шәкірті екендігін көрсететін деректер болғанымен, соңғы зерттеулерде оны теріске шығаратын тұжырымдар айтыла бастады. Қожа Ахмет Яссауидың алғашқы шәкірті – Арыстан бабтың ұлы Мансұр Ата, екінші шәкірті – Сайид Ата Хорезми, үшінші шәкірті – Сүлеймен Бақырғани. Осылардың ішіндегі ең көрнектісі – Бақырғани (Хакім Ата) (Кашифи, «Рашахат-ул айн-ил хайат»). Тағы бір танымал шәкірттерінің бірі Мұхаммед Данышменди сопы Қожа Ахмет Яссауидың «Мират-ул Қулуб» атты мұрасын хатқа түсірді. Сондай-ақ Садр Ата, Бадр Ата, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтұқ, Шейх Лұқпан Перенде сияқты тұлғалар да Қожа Ахмет Яссауидың шәкірттері саналады.

А. Беннигсон Қожа Ахмет Яссауидың Шопан Ата және Зеңгі Баба атты да шәкірттерінің болғандығын айтады. Яссауи шәкірттері жөнінде Фуат Көпрулу: «Мутасаууфтардың (сопылардың) өмірбаяны жайлы еңбектерде Ирак, Хорасан және Мауераннахр сопыларынан басқа түркі шейхтары деп жүрген сопылардың барлығы дерлік Қожа Ахмет Яссауи тариқатының шейхтары еді» дейді. Ахметтің әкесі діндар, құдай жолын ұстаған атақты шайқылардың бірі болған секілді.

«Диуани Хикмет» Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы — «Диуани Хикмат» (Хикмат жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылады. Соның бірі 1901 ж. Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани Хикматтан» түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына, ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

Қожа Ахмет Яссауи сағанасы Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Яссауи «әзіреті сұлтан» аталып, басына 14 ғ. аяғында атақты Ақсақ Темір күмбезді сағана орнаттырады. Жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рух пен Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы «Диуани Хикмет», «Мират-ул Қулуб», «Пақырнама» сияқты мұраларынан көрінеді. Қожа Ахмет Яссауи сопылық ілімінің, дүниетанымы мен философиясының негізін моральдық-этикалық және сопылық хикметтер деп жіктеуге болады. Яссауи іліміндегі парасат ұғымы адамның адамгершілік ахлақи мәртебесіне және «инсани камил» дәрежесіне жету мәселесін қарастырады. Қожа Ахмет Яссауидың дүниетанымдық тұжырымдамасының теория негізін шариат пен мағрифат құраса, ал тәжірибелік негізін тариқат белгілейді. Қожа Ахмет дүниетанымының мәні – «адамның өзін-өзі тануы» арқылы «Хақты тануы». Бұл жолдың алғашқы мақамы (басқышы) – «тәуба», соңғысы «құлдық» (убудийат, абд). Бұл жолдағы адам «жаратылған – мен» екендігінің ақиқатына, жаратылыс сырына көзі жеткенде, өзінің адамдық парызы – «Алла мен адамның және адам мен қоғамның» арасында «көпір – жол» болу екендігін ұғынады.

Яссауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Хикметтерде адам жаратылысы – Жаратқан иенің ұлылығын көрсететін, көркемдігі жағынан ең жоғарғы кейіпте жаратылған болмыс екендігі айқын көрсетілген. Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінде адамның табиғаты Құранда айтылғандай – су мен топыраққа телінеді. "Асылың білсең су уа кил (топырақ) және килге (топыраққа) кетер йа" – дейді ол. Сопылық мағынада «топырақ» – адамның жаратылыс табиғаты, парасаттылық пен қарапайымдылық. Ал, нәпсіқұмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттер. Қожа Ахмет Яссауидың кейбір хикметтерінде өзінің бүкіл болмысымен топыраққа айналғандығын білдіретін символдық ұғымдар қолданылады: «Басым топырақ, өзім топырақ, тәнім топырақ; Хаққа қауышар ма екем деп – рухым муштақ». Бұл сопылық мағынада «уисал» (Хаққа қауышу) мақамын білдіреді. Топырақ болу, нәпсіден арылу – Хаққа қауышудың бірінші шарты. Осыдан кейін адам ақиқатқа жетіп, инсани кәміл дәрежесіне ұласып, өзінің Хаққа бастар «жол» екендігінің мәніне қанығады. «Топырақ болғыл әлем сені басып өтсін» дегендегі мақсат осыған саяды. Өйткені сопылық атауда әулиелер мен пірлердің қабірін де «топырақ» дейді. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымында әулие – даңғыл жол, өйткені ол – халқына жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның арасын айыруға жөн сілтейтін, Алла рахметінің қоғамдағы көрінісі болып табылатын дана тұлға.

Қожа Ахмет Яссауи ілімі Қожа Ахмет Яссауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипатты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Қожа Ахмет Яссауи кемелдікке жету үшін адамда ашқ (қуатты махаббат) пен дерт болу керек дейді. «Дертсіз адам адам емес, мұны аңла; Ашқсыз инсан хайуан жынысы, бұны тыңда». Осы хикмет жолындағы «дертсіз адам» адамдық сезімнен жүрдай, өз ұлтының, қоғамының, Отанының алдында жауапсыз, мұңсыз, қара басының қамын күйттейтін жан. «Ашқсыз адам» – илаһи фитраттан, яғни Алла тарапынан адамға берілген құдайлық сыйдан мақрұм қалған, өзінің адамдық қадірін бағалай алмайтын, парасаттылыққа ұмтылмайтын, өзін қоршаған әлемге, адамға, табиғатқа, осының бәрін Жаратушы иеге мән бермейтін жан. Дертті адамның Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде «Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май» болсын дейді. Дертті, шерлі адам пілте болып жанып, ашқ отына түсіп, қоғамның кемшілік тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, көз жасы, қайрат-жігерімен одан шығар жол, дауа іздейді.

Шынайы ашққа осы дерт арқылы ұласады. Ал ашқ кемелдікке жетелейтін күш-қуат көзі. Қожа Ахмет Яссауи ілімінде адамның жаратылыс мақсаты – Хаққа құлшылық ету (ибадат), ол «Сізді, бізді Хақ жаратты ибадат үшін» – дейді. Бұл ибадат (убудийат) – Хақты тану жолындағы ең жоғарғы мақам. Құдайлық ашқты, Аллаға деген махаббатпен тұтастықта көретін Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымы Алла жаратқан адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде құрметтеуді парыз деп қарайды. «Сүннет екен кәпір де болса берме азар, Көңілі қатты ділазардан Құдай бизар» деген хикмет адамның тегі мен түсіне, діні мен діліне қарамастан оған құрмет көрсету, адам ретінде ардақтауды пайғамбарлық сүннет (жүйе, заң, қағида) ретінде танытады. Өйткені Қожа Ахмет Яссауи ілімі – дін, мазһаб аясына сыймайтын шексіз ашқ (махаббат) жолы. Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымында «дертті адам», «топырақ адам», «кемел адам», сондай-ақ, «ғарип адам» тұлғалары да дәріптеледі.

Ғарип адамды кемелдік мәртебесіне жеткізіп, пайғамбардың қоғамдағы өкілі, ізбасары ретінде бағалайды (қ. Сопылық). Қожа Ахмет Яссауи өзін де ғарип ретінде көрсетеді: «Ғариппін ешкімім жоқ, бейшарамын һәм пақыр, Сенен басқа кімім бар, рақым ет Сен (Алла) таң сәріде» – деп рақымды тек Алладан ғана күтеді. Өйткені оны Алладан басқа шын ұғатын, қолдайтын ешкім жоқ. Оны ғарип қылып, жалғыздыққа итермелейтін күш оның дүниеге деген көзқарасы, илаһи ашқ – Хақ жолына деген ұмтылысы мен махаббаты. Ғариптік – адамның өз-өзімен іштей күресіп, санасын сансыратқан мәселелердің шешімін табу жолында рухымен тілдесу, өз әлімен ғана ләззат алу сияқты көңіл-күйді білдіретін психологиялық хал. Сондықтан да Қожа Ахмет Яссауи «Қай жерде ғарип көрсең һем дем болғыл» дейді.

Қожа Ахмет Яссауи адам баласы осы шындықтан бейхабар қалғанда өзінің негізінен алыстай бастайтындығын айтады. Осы ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп біледі. Сонымен қатар, Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады. Адам – микрокосмос болса, рух, бүкіл әлем, болмыс – макрокосмос, Алланың аяттары, яғни белгілері. Адам – рух әлемінде Алламен болған сұхбат-антты бұзбай «Зікір» арқылы үнемі есте сақтаушы. Қожа Ахмет Яссауи іліміндегі зікір, уажд (экстаз), сама сияқты әдістер Алламен болған сертті ұмытпау үшін қолданылған. Адамның арабша «инсан», яғни «ұмытшақ» екендігін ескергенде, Құранның бір аты болып табылатын зікір (еске алу) адамдық болмысты толықтырып, кемелдендіріп отыратын әдіс екендігі белгілі. Осы тұста «қалу бәла» серті («... мен сендердің Жаратушың емес пе едім» деген Тәңірінің сұрағына рухтардың «Ия, әлбетте» деген жауап-серті) мен рух әлеміндегі онтол. және туыстық бірліктің адамзат арасында осы кезге жалғасып, сақталуына деген ұмтылыстың, тілектің жатқандығын байқау қиын емес. Жалпы сопылық дүниетанымға тән бұл теориялы-тұжырымдамалық ұстанымды Қожа Ахмет Яссауи түркілік дүниетаным негізінде жаңғыртты. Ислам тарихында дінді ұғынудың, қабылдаудың ерекше түрі ретінде пайда болған «сопылық ағым» ресми діндегі (қалам мен фикһ) қасандыққа қарсы бағыт ретінде бой көрсетті.

- Сол секілді Қожа Ахмет Яссауи ілімі де түркілік дүниетанымның негізгі категориясы болып табылатын әмбебаптыққа сай дамыды. Тәңірді жазалаушы, қорқыныш иесі ретінде ғана емес, Тәңірді сүю және оның үкімдерін құрметтеу арқылы Аллаға махаббатпен қауышу-ұласу әдістерін қалыптастырды. Өйткені сопылық дүниетанымда Алла – ғашық (сүюші), мағшук (сүйілуші) әрі ғашықтықтың өзі болғандықтан да, ғашықтық болмыс жаратылысының ең негізгі мұраты. Бұл адам бойында махаббат, жауапкершілік сезімді, иман, т. б. асыл құндылықтарды қалыптастырады. Адам хикмет арқылы, оның нәтижелі жемістерінің негізінде ғана мәнді, мағыналы өмір, «адамша тіршілік ету өнерін» меңгере алады (қазіргі «Диуани хикмет»). Қожа Ахмет Яссауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі – ахлақ (мораль). Ахлақ – хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана «шындыққа», «жан тыныштығына» қауышады. Қожа Ахмет Яссауи ілімінде «жан тыныштығы», «шындыққа жету» адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тариқатта жүзеге асады. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін өзі меңгеруге қолы жетіп, «Кемел адам» тұрпаты қалыптасады. Көшпелі түркі қауымын имандылыққа шақыру арқылы Қожа Ахмет Яссауи ілімі барша түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізі сыршылдық (мистика) дін екендігін ескерсек, сопылық танымның түркі мұсылмандығының ең маңызды ерекшелігін қалыптастырудағы себептерін ұғыну қиын емес.

Бұл құбылыстың табиғилығын дін феноменол-сы тұрғысынан қарасақ, діндердің таралуындағы ескі ұстындардың толығымен жойылмайтынын, жаңалары сол құндылықтар, түсінік, ұғымдар негізінде өз орнын табатынын көруге болады.

Көбінесе діндерде ескі ұстындар мистикалық институттармен тұтасып, «халық діндарлығы» түрінде тіршілігін жалғастырады. Бұл құбылыстың көрінісін Қожа Ахмет Яссауи дың сопылық-моральдық ілімінен көруге болады. Оның «құрма» символизмі арқылы Мұхаммед (ғ. с.) пайғамбарға байлануы, осы құбылысқа Арыстан бабтың «себеп» болуы, өмірін пайғамбар өміріне ұқсатуға тырысуы, пайғамбарға ұқсаудың ишараты ретінде ұлының атын Ибраһим қоюы, пайғамбар жасына келгенде тірідей «жерасты мешітіне», яғни қылуетке түсуі, осының бәрі оның іліміндегі көшпелі түркілерге исламды таратудағы маңызды әдістемелік, құбылыстық ерекшелік әрі жаңалық болып табылады. Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тіл – шағатай тілінде сөйлетті. Қасиетті кітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шариаттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды.

Қожа Ахмет Яссауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Сөйтіп, бұрыннан дидактикалық сипаты басым түркі әдебиеті насихаттық ой тұжырымдармен толыға түсті. Ол фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығармашылық әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды. Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Яссауи ше хикмет жазу дәстүрге айналды. Кіші Азияда Қажы Бекташ, Жүніс Әмре, Сүлеймен Бақырғани хикметтерінен Қожа Ахмет Яссауи сарыны байқалды. 12 ғасырдан бері түркі халқының дүниетанымына елеулі ықпал еткен Қожа Ахмет Яссауи сарыны Асан Қайғыдан Абайға, сондай-ақ, күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тапқан.